«Бекітемін»
«Алматы қаласы
музейлер бірлестігі»
КМҚК директоры
Л.Қ. Сағындықова

«24» ақпан 2026 ж.

ҚОР САТЫП АЛУ КОМИССИЯ ОТЫРЫСЫНЫҢ № 2 ХАТТАМАСЫ

23 ақпан 2026 ж.

Комиссия төрағасы: Р.Қайратұлы – директордың ғылым жөніндегі орынбасары;
Комиссия мүшелері:

- **Р.О. Турсумбекова** – бас қор сақтаушы;
- **Л.У.Абекова –** қор сақтау және есепке алу бөлімінің жетекшісі;
- **К.Б.Джиеналиева -** Алматы музейінің жетекшісі;
- **А.С.Хожамуратова** – көрме және бұқаралық жұмыс бөлімінің жетекшісі;
- **М.М.Нурпеисов** – ғылыми-зерттеу бөлімінің аға ғылыми қызметкері;
- **Н.Ж.Бектұрсынов –** қор сақтау және есепке алу бөлімінің реставраторы;

Комиссия хатшысы - Э.К. Онайбекова – Алматы музейінің қор сақтаушысы.

Күн тәртібі:

«Алматы қаласы музейлер бірлестігі» КМҚК қор коллекцияларын толықтыру мақсатында сатып алынуға ұсынылған заттарды бағалау.

Р.О. Турсумбекова - Бүгінгі отырысымызда ақылы негізде тапсырылып отырған Алматы музейінің қор коллекциясын толықтыру мақсатында алынатын материалдарды саралап, тарихи, мәдени, экспозициялық құндылығын зерделей отырып, бағасын талқылауға саламыз. Өткізілген заттарға рәсімделген сараптау комиссиясының қорытындысы мен арнайы компания ұсынған бағалау құнын қарап, ондағы заттардың сипаттамасы және жалпы жай-күйімен танысып отырыңыздар. Аталған заттарды мұқият қарап, өз пікірлеріңізді ортаға салуларыңыз сұралады.

І.ТЫҢДАЛДЫ:

Р.О. Турсумбекова – Комиссия мүшелерінің назарына ұсынылып отырған қазақтың көрнекті жазушысы, драматург және ғалым, қоғам қайраткері, Қазақстан ғылым академиясының тұңғыш академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазақ КСР-нің еңбек сіңірген ғылым қайраткері Мұхтар Омарханұлы Әуезовтің портреті. Авторы КСРО Суретшілер Одағының мүшесі, белгілі суретші-монументалист, портретші Бұқарбаев Әбдімәлік Әбдікадырұлы. Суретші 1940 жылы 14 ақпанда Ташкент қаласында туған. Ұлты - қазақ. 1968 жылы Ташкент көркемсурет училищесінің қолданбалы өнер бөлімін және 1973 жылы Мәскеу театр-көркемсурет институтын бітірген.

Ә.Бұқарбаев 1974 жылдан КСРО Суретшілер Одағының мүшесі, екі дүркін Өзбекстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты (1976 және 1982 жж), Өзбекстан Республикасы СО Академиясының мүшесі, «Құрмет белгісі» орденімен, «ҚР Тәуелсіздігіне 10 жыл» медалімен марапатталған.

Ә.Бұқарбаевтың «М.Әуезовтің портреті» жұмысына 3 900 000 теңгені сұрап отыр.

СӨЙЛЕГЕНДЕР:

Р.Қайратұлы: Суретші, кескіндемеші, портретші Ә.Бұқарбаев соңғы жылдары қазақ халқының рухани-саяси өмірінде із қалдырған тұлғалардың бейнелерін салды, соның ішінде Әуезовтің әр жылдардағы 15 бейнелері топтамасын жасады. Оған ұлы жазушының әр жылдары түскен фотосуреттерін негіз етіп, 7 портретін салды.

«Мені қазағыммен қайта табыстырған Мұхаң дер едім. Бастауында Әуезов сынды алыптар тұрған қазақ әдебиетімен сусындадым. Тынысым ашылғандай, өзімді-өзім қайта танығандай болдым. Жер ортасы жасқа келіп қалғанда, осындай күй кештірген Мұхаң рухына рақмет» деген екен суреткер «Парасат» журналына берген сұхбатында. Суретшінің Әуезовтің портретін салуы тегін емес деп ойлаймын.

Комиссия мүшелерінің назарына ұсынылып отырған М.О.Әуезовтің портреті Алматы музейі үшін маңызды. Себебі М.О.Әуезов есімі қазақ халқымен, қазақ театрымен, Абай есімімен тығыз байланысты, портретті көптеген көрмелерге, экспозицияға, музей қабырғасында өтетін көптеген іс-шараларда қолдануға болады. Картина көлемді, жақсы орындалған. Картинаның бағасын сәл түсіріп алуға қарсы емеспін.

Н.Ж. Бектұрсынов: Комиссия мүшелерінің назарына ұсынылып отырған М.О.Әуезовтің портреті жақсы салынған, шынайы, түстер үйлесімдері жақсы келтірілген, тарихи-мәдени құндылығы бар дей аламын. Авторы Әбдімәлік Бұқарбаев Өзбекстан мен Қазақстан республикаларына кеңінен танымал тұлға. Алматы, Тараз, Астана және Түркістан қалаларында өткен көрмелерімен қатар, Москва, Хельсинки т.б. Халықаралық көрмелерге қатысушы. Автордың жұмыстары керемет және жоғары бағаланып жүр.

А.С. Хожамуратова: Біздің негізгі мақсатымыз тарихи мұраны сақтау, келер ұрпаққа жеткізу болып табылатындықтан, М.О.Әуезовтің портретін қорға алу міндетіміз. Сурет авторы Ә.Бұқарбаев белгілі, танымал суретші, портретші, кескіндемеші. Суретте тыныш әрі ұстамды түстер басым: көгілдір, қоңыр, қара. Әуезовтің жүзіндегі көзқарас – байсалды, сәл қарайған, ішкі дүниесіне терең бойлағандай. Жалпы портрет өте нақты әрі шынайы салынған, бұл оның тұлғалық болмысын айқын жеткізеді.

Л.Ұ. Абекова: Ә.Бұқарбаевтың бұл портреті – дана, байсалды, білімге құштар тұлғаның бейнесі. Әуезовтің сыртқы бейнесі, кітаптарға толы фон мен салмақты реңктер оның әдебиет пен ғылымдағы орнының биіктігін көрсетеді. Картинаның тарихи-мәдени құнды екені рас, автор Әуезовтің бейнесін шынайы, нақты бере алған. Картинаны алуға келісемін.

М.М. Нурпеисов: Танымал, белгілі монументалист-суретші, кескіндемеші Ә.Бұқарбаев Өзбекстанның көптеген ірі архитектуралық объектілері мен құрылыстарын безендіруге қатысқан. Ташкент метрополитеніндегі "Хамза" мен "Өзбекстан" бекеттерін, "Чорсу", "Тата" қонақ үйлерін, Ташкент радиотеледидар орталығын, Халықтар достығы сарайын әрлеуге қатысқан.

1990 жылдан өз халқының тарихы мен мәдениетіне, оның дана ойшылдарына ойысып, циклді портреттер жазған. Соның ішінде М.Әуезовтің портреті ерекше ынтамен салынған дер едім. Сурет құнды, маңызды, бірегей. Суретті алуға келісемін, бағасын түсірген дұрыс.

К.Б. Джиеналиева: Ә. Бұқарбаевтың портреттік галереясы Күлтегін, Асан Қайғы, әл-Фарабиден басталып, бүгінгі қоғам және өнер қайраткерлері Б.Төлегенова, Т.Әубәкіров, Ф.Оңғарсынова, т.б. қамтыған жүзден астам портреттер циклінен тұрады.

Бұқарбаев жоғарыда әріптесім айтып кеткендей М.Әуезовтің көптеген портреттерін салған. Ұсынылып отырған портреттен Мұхтардың сөзге деген құрметін, оқу мен ізденістің маңызын, жазушының өмір жолын ойлана отырып қабылдаған даналығын түсінеді. Бұл – бір адамның ғана бейнесі емес. Бұл – қазақ әдебиетінің, рухани мұраның, тілдің және ойдың көркем бейнесі дер едім.

Р.О. Турсумбекова: Мұхтар Әуезов қазақ драматургиясының да негізін қалаушылардың бірі. Ол тарихи және әлеуметтік тақырыптағы пьесалар жазып, қазақ театрының дамуына зор үлес қосты. Мұхтар Әуезовтің мұрасы – қазақ халқының рухани қазынасының асыл бөлігі болып саналады. Ә. Бұқарбаев картинасында Мұхтар Әуезовті шынайы, дәл, көніл күйі бейнелеген.

Қазақ халқының әдебиеті мен тарихына байланысты ұсынылып отырған музейлік мәні бар заттың тарихи-мәдени, көркемдік, әрі музейлік құндылығы жоғары деп санаймын. Картинаға нарықтағы шынайы бағасын беріп, сатып алуға келісемін.

Комиссия мүшелері ұсынылып отырған музейлік заттарды төмендегідей бағамен сатып алуға келісті.

Барлығы: 1 атаулы бұйым (1 сақтау бірлігі) жалпы сомасы **3 500 000 (үш миллион бес жүз мың) теңгені** құрайды.

ҚАУЛЫ ҚАБЫЛДАНДЫ:

1. Комиссия шешімімен көпшілік дауыспен музейлік мәні бар заттың 1 атаулы бұйым (1 сақтау бірлігі) сатып алынып, негізгі қорға қабылдансын.
2. Қорға сатып алуға ұйғарылған затқа қатысты комиссия мүшелері белгілеген бағалар заттың иесіне таныстырылсын.

Алматы қаласы музейлер бірлестігінің қор сатып алу комиссиясының № 2 хаттама музейлік маңызы бар сомасы 3 500 000 (үш миллион бес жүз мың) теңгеге 1 атаулы (1 сақтау бірлігі) бұйым музей қорына қабылдансын.

Қолдар:

Комиссия төрағасы: Р. Қайратұлы

Комиссия мүшелері: Р.О. Турсумбекова

Л.У. Абекова

К.Б. Джиеналиева

А.С. Хожамұратова

М.М. Нурпеисов

Н.Ж. Бектұрсынов

Хатшы: Э.К. Онайбекова